

6D010300 - «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Диссертациялық көңеске ұсынған Елубай Еркинайдың «Жаппай ашық онлайн курстары арқылы болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбында жазылған диссертациясына ресми рецензент Майлыбаева Гульмира Сабыровнаның жазбаша пікірі

р/ н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>«Жаппай ашық онлайн курстары арқылы болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысы ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес. Өйткені, зерттеудің негізгі идеясы Республиканың 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын» іске асыру бойынша жеті басым саясаттың «Жаңа адами капитал» алғашқы реформасы, «Цифрлық педагог» білім беру жобасы, 2023 жылдың наурызында КР Үкіметінің Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес келеді.</p> <p>Сондай-ақ, 2023 жылдың наурызында КР Үкіметінің Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында орта мерзімді перспективада аталған саланы одан әрі дамытудың басымдықтары айқын көрсетілген. Осы тұрғыдан мемлекет жоғары білім беру саласында келесі мәселелерге ерекше назар аударуды жоспарлада отыр: «жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің қолжетімділігі; жетілдірілген кадрлармен қамтамасыз ету; жоғары оқу орындарының инфрақұрылымы мен цифрлық архитектурасын дамыту; азаматтардың цифрлық құзыреттерін арттыру». Бұл өз кезегінде, университеттің цифрлық архитектурасын дамыту мен болашақ мамандардың цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың бүгінгі таңда маңыздылығы мен қажеттілігінің мемлекет тарапынан қойылып отырган міндеттер екендігін айқындаі түспектек.</p>
		1)Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы	Докторанттың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Сонымен қатар,

		<p>бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы);</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаһындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>мемлекеттің бірқатар стратегиялық құжаттарында болашақ мамандарды даярлау, олардың кәсіби біліктілігін дамыту мәселелері қарастырылған. Мысалы, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Қазіргі жаһандық өзгерістер кезеңінде түлектің білімі еңбек нарығына шыққанға дейін-ақ жеткіліксіз болып қалуы әбден мүмкін. Сондықтан, құзырлы министрліктің алдында оку бағдарламаларын жаңа жағдайға бейімдеу міндепті тұр. Бұл – кезек күттірмейтін шаруа...» екендігі көрсетілген. Сондай-ақ, білім беру саласын цифрландырудың маңыздылығы атап өтіліп, сапалы білім беру мен білікті кадрлар даярлау процесін одан әрі жеделдешу мақсатында «Үкіметке осы мәселемен, атап айтқанда қашықтан білім беруге қажетті ақпараттық жүйенің сапасын жақсартумен мықтап айналысу», «Цифрлық педагог» білім беру жобасын жүзеге асыру тапсырылған. Бұл өз кезегінде болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың көкейкестілігін арттыра туследі.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады/қоспайды</u>, ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған</u>.</p>	<p>Жұмыс қазіргі таңда ғылымға елеулі үлесін <u>қосатын</u> өзекті мәселе қатарында болғандықтан маңыздылығы <u>ашылған</u> келесі ғылыми жаңағыштардың қамтыған тың еңбек: <i>Бірінші ғылыми нағтижесі негізделілігі</i> - зерттеу проблемасына қатысты отандық, шетелдік психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге талдау жасау негізінде болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігі ұғымына авторлық анықтама берілуімен және оның құрылымының анықталуымен, оған мазмұндық сипаттама берілуімен сипатталған; <i>Екінші ғылыми нағтижесінің маңыздылығы</i> шетелдік және қазақстандық ғалымдардың әдебиеттерін жан-жақты талдау негізінде жаппай ашық онлайн курстары түсінігі мәнінің нақтылануымен, оның мазмұндық және процессуалдық құрамының анықталуымен негізделеді. Жаппай ашық онлайн курстарын құрастыру мен оқыту процесінің болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың мүмкіндіктерінің ғылыми негізділігімен айқындалған.</p> <p><i>Үшінші ғылыми нағтижесі зерттеу болжасының дәлелдеуге</i> септігін тигізетін жоғарыда көрсетілген психологиялық-педагогикалық шарттардың айқындалуымен, жаппай ашық онлайн курстары арқылы болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігі қалыптасуының өлшемдері, көрсеткіштері, деңгейлерінің</p>

			<p>анықталуымен, оның тиімділігін арттыратын құрылымдық-функционалдық модельдің жасалуымен дәйектелген.</p> <p><i>Төртінші ғылыми нәтижесінің негізділігі</i> автордың жаппай ашық онлайн курсары арқылы болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі мазмұнының бағыттылық, білімділік, біліктілік кезеңдерімен тәжірибелік-экспериментте тексеріліп, оң нәтиже беруімен дәлелденген. Болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыруға арналған «Жаппай ашық онлайн курсын жобалау» курсы (аудио/бейнедәрістер, мультимедиялық оқу тапсырмалар жиынтығы, викториналар, платформадағы және желілік пікір-сайыс форумдары) Абай атындағы КазҰПУ-нің қашықтықтан оқыту орталығы порталында алғашқы онлайн курсың бірі ретінде сайтқа жүктелуімен және оны оқытуда коннективизм теориясы принциптерінің негізге алынуымен дәйектелген.</p>
3.	Өзінің жазуу принципі	Өзінің жазуу деңгейі:	<p>Диссертациялық жұмысты дайындағанда ізденуші-докторанттың өзінің жазуу деңгейін жоғары еңбек екендігін келесі қорытындыларынан көре аламыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> -докторант ғылыми еңбектерге теориялық-әдіснамалық талдаулар негізінде «Болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігі», «Жаппай ашық онлайн курсы» үгымдарына авторлық анықтамаларын берген; - түжірымдамалық, мазмұндық, өлимелдік, нәтижеселік бөліктердің бірлігі ретінде қарастырылған болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін жаппай ашық онлайн курсары арқылы қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі мен оның әдістемесін жасап, тәжірибелі-эксперименттік жұмыс арқылы дәлелдеген және аталған мәселені шешудің өзіндік жолдарын ұсынған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	<p>Диссертациялық жұмыстың ішкі бірлік принципіне келсек, оның өзектілігі «Цифрлық педагог» білім беру жобасы, 2023 жылдың наурызында ҚР Үкіметінің Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған түжірымдамасын негізге ала отырып, зерттеу барысында психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге және тәжірибеле жасаған талдау болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің кейбір аспекттерінің зерттелгендейгін, соңғы жылдары цифрлық педагог мәселесіне қатысты</p>

		<p>мақалалардың жарық көргендігін, цифрлық педагог даярлауға тәжірибелік онлайн курстар үйімдастырылғандығын, жаппай ашық онлайн курсары мәселесінің жете зерттелмегендігі мен оларды құрастыру мен қолдану барысында болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің ғылыми әдебиеттерде қарастырылғандығы осы үдерісті теориялық тұрғыдан арнайы зерттеу қажеттігін және әдістемелік тұрғыдан қамтамасыздандыру керектігін негізделген.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <p>1) <u>айқындайды;</u> 2) жартылай айқындайды; 3) айқындаамайды</p>	<p>Диссертацияны оқып талдау барысында, мазмұны диссертация <i>тақырыбын</i> болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігі үғымының мәнін нақтылау және мазмұндық сипаттама беру, жаппай ашық онлайн курсарын оның құралы тұрғысынан негіздеу, өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері анықталған құрылымдық-функционалдық моделін, әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-экспериментте тексеру арқылы <i>айқындаған</i>.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың келесі мақсат-міндеттері <i>тақырыпқа</i> сай екендігін дәлелдейді.</p> <p><i>Зерттеудің мақсаты</i> – болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін жаппай ашық онлайн курсары арқылы қалыптастыруды теориялық тұрғыдан негіздеу, әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-экспериментте тексеру.</p> <p><i>Зерттеудің міндеттері</i>:</p> <ul style="list-style-type: none"> - теориялық-әдіснамалық талдаулар негізінде болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігі үғымының мәнін нақтылау және мазмұндық сипаттама беру; - жаппай ашық онлайн курсарын болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың құралы тұрғысынан негіздеу; - жаппай ашық онлайн курсары арқылы болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделін жасау және аталған қалыптасадың өлшемдері мен көрсеткіштерін, деңгейлерін анықтау; - жаппай ашық онлайн курсары арқылы болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-экспериментте тексеру.
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық жасынан <i>bір-бірімен толық байланысқан</i>. «Жаппай ашық онлайн</p>

	<p>логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>тольық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>курстары арқылы болашақ педагогтың цифрлық күзыреттілігін қалыптастыруды «модельдеу» атты екінші тарауда отандық және алыс-жакын шетелдік ғалымдардың еңбектеріне талдау жасау негізінде жаппай ашық онлайн курсарының мәні мен мазмұны, құрылымы анықталған. Жаппай ашық онлайн курсарының (ЖАОК) болашақ педагогтың цифрлық күзыреттілігін қалыптастырударғы мүмкіндіктері айқындалған. Болашақ педагогтың цифрлық күзыреттілігін жаппай ашық онлайн курсары арқылы қалыптастырудың педагогикалық шарттары айқындалып, құрылымдық-функционалдық моделі жасалған. Болашақ педагогтың цифрлық күзыреттілігі қалыптасуының өлшемдері мен көрсеткіштері, денгейлері анықталған.</p> <p>«Болашақ педагогтың цифрлық күзыреттілігін жаппай ашық онлайн курсары арқылы қалыптастырудың тәжірибелік-эксперимент жұмысы» атты үшінші тарауда болашақ педагогтың цифрлық күзыреттілігі қалыптасуының диагностикасы анықталып, мазмұндалған. Болашақ педагогтың цифрлық күзыреттілігін жаппай ашық онлайн курсары арқылы қалыптастырудың әдістемесі жасалып, мазмұны берілген. Әдістеменің тиімділігі тәжірибелік-экспериментте тексеріліп, оның мазмұны мен динамикасы, нәтижелері баяндалған. Ұсынылған болжамның дұрыстығы дәлелденіп, зерттеудің мақсаты мен міндеттері шешімін тауып, жүзеге асырылса, қорытындыда зерттеудің негізгі қағидалары, нәтижелері тұжырымдалды, әдістемелік ұсыныстар берілді, теориялық және эксперимент жұмыс нәтижелеріне негізделген тұжырымдар мен мәселенің болашағын айқындастырып болашақ зерттеу перспективалары ұсынылған.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа 	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдер дәлелденген және сынни талдау арқылы бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылған.</p> <p>Оған автордың болашақ педагогтың цифрлық күзыреттілігін қалыптастыруға арналған «Жаппай ашық онлайн курсын жобалау» курсын жасап, оны Абай атындағы ҚазҰПУ-нің қашықтықтан оқыту орталығы порталында алғашқы онлайн курсын бірі ретінде сайтқа жүктегендігі дәлел бола алады. Зерттеудің бұл тәжірибелік бөлімі бұдан әрі жоғары және арнаулы оқу орындарының тәжірибесінде болашақ және қазіргі мұғалімдердің кәсіби</p>

		авторлардың сілтемелеріне негізделген	біліктілігін арттыру, цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру құралы ретінде қолданылуға мүмкіндік беретіні анық.
5.	Фылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Фылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыс фылыми жаңашылдық принципіне негізделіп дайындалған, өйткені фылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады. Атап айтсақ:</p> <ul style="list-style-type: none"> -<i>бірінші нәтижесе жаңа</i>, себебі болашақ жаппай ашық онлайн курсары арқылы болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалған; -<i>екінші нәтижесе жаңа</i>, себебі болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың мүмкіндітері анықталып, ЖАОК аталған қалыптастыру үдерісінің құралы тұрғысынан негізделген; -<i>үшінші нәтижесе жаңа</i>, себебі болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін жаппай ашық онлайн курсары арқылы қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі жасалған; -<i>төртінші нәтижесе жаңа</i>, себебі - болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін жаппай ашық онлайн курсары арқылы қалыптастырудың әдістемесі жасалып, оның тиімділігі тәжірибелік-экспериментте тексерілген, фылыми негізделген ұсыныстар жасалған.
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Оның дәлелі диссертацияның нәтижесі төмендегідей қорытынды жасауға мүмкіндік берген:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1 Болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін жаппай ашық онлайн курсары арқылы қалыптастырудың мәні, мазмұны мен құрылымы аталған дамыту моделі осы саладан білім алушыларға теориялық білімдерді жүйелі менгертуге септігін тигізеді. 2 Болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін жаппай ашық онлайн курсары арқылы қалыптастыруда жоғары педагогикалық оқу орындарының цифрлық білім беру ортасын тиімді пайдалану қажет. 3 «Жаппай ашық онлайн курсарын жобалау» курсының контенттік және процесзуалдық мазмұнын іске асырудың мүмкіндітерін практикаға ендірген жөн. 4 Болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін жаппай ашық онлайн курсары арқылы қалыптастыру ЖАОК мазмұны мен белсенді цифрлық, желілік, виртуалды, электронды, интерактивті оқыту әдістер,

			<p>формалар мен құралдарды интербелсенді тәхнологияларды қолдану негізінде жүзеге асырған дұрыс.</p> <p>5 Болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін жаппай ашық онлайн курсары арқылы қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсыныстарды педагогикалық оқу орындарының және жалпы білім беретін орта мектептердің, оқу-тәрбие процесінде және мұғалімдердің біліктілігін көтеру курсарында тақырыптық іс-шараларды өткізуде негізге алу қажет.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жана;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері <i>толығымен жаңа</i> болып табылады. Оған дәлел «Жаппай ашық онлайн курсарын жобалау», «Ағылшын тілі» курсары сайтқа орналастырылған.</p>
6.	Негізгі корытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негіздел меген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан алғанда ауқымды дәлелдемелерде <i>негізделін</i>, диссиденттант негізгі нәтижелерін 12 макалада жариялаған. Соның ішінде 4 макала КР ФЖЖБ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 макала Scopus базасына енген шетелдік басылымда, 7-халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда (оның ішінде, шетелдік конференциялардың материалдар жинақтарында – 2) жарияланған.</p>
7.	Корғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді;</u> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) <u>жок</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия;</u></p>	<p>Корғауға шығарылған негізгі 4 қағидада дәлелденген, <i>тривиалды емес</i>, зерттеу пәні туралы жаңа білімді ұсынады, алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең және мақалаларда дәлелденген. Өйткені, автор диссертациялық жұмыстың пәніне сәйкес шетелдік, отандық философиялық, психологиялық-педагогикалық еңбектерде берілген теориялық анықтамаларға жасалған талдау негізінде, «Болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігі», «Жаппай ашық онлайн курсы» ұғымдарын теориялық түрғыда негіздеу барысында, нақтылаған. «Болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін жаппай ашық онлайн курсары арқылы қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі» жасалған.</p>

		<p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кен</u> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>и亞</u>; 2) жоқ 	<p>Болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін жаппай ашық онлайн курстары арқылы қалыптастырудың әдістемесі, бағдарламасы мен жоспарын енгізумен қамтамасыздандырылған.</p> <p>Автордың жеке қатысуы диссертацияда баяндалған және баспа еңбектерінде жарияланған ғылыми нәтижелерге қол жеткізуден, зерттеудің негізгі түжірымдамалық идеялары мен ережелерін теориялық түрғыдан дамытудан тұрады.</p> <p>Зерттеудің негізгі қағидалары мен нәтижелері халықаралық және республикалық конференцияларда, ғылыми-әдістемелік журналдарда жарияланды: Зерттеу барысында отандық және шетелдік басылымдарда ғылыми мақалалар жарық көрген. Мысалы, Жаппай ашық онлайн курстары (MOOCs) білім берудің жаңа бағыты» (Профессор Ш.Т. Таубаевың 75 жылдығына арналған «Үздіксіз білім беру жүйесінде мұғалімдердің зерттеушілік мәдениетін дамыту: тәжірибе және инновация» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. – Алматы, 17 ақпан 2023 ж., 110-115 б) атты мақаласында дәлелденген және көрініс тапқан. Мақалада білім беру саласында жаппай ашық онлайн курстарының мүмкіндіктері мен олардың цифрлық құзыреттілікті қалыптастыруға әсері қарастырылған.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>и亞</u>; 2) жоқ 	<p>Әдістеменің тандауы – негізделген. Болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыруда басшылыққа алынатын жүйелік, тұлғага-бағдарлық, құзыреттілік, технологиялық әдіснамалық тұғырларын анықталып, сипатталған.</p> <p>Зерттеудің әдіснамалық негіздеріне салалар бойынша төмендегі ғалымдардың зерттеулері алынған. Білім беру жүйесінің цифрлануы мен ақпараттық қоғамда цифрлық мәдениетті дамыту мәселелерін Т.В. Никулина, Е.Б. Стариченко, Д.М. Джусубалиева, А.К. Мынбаева, А. Альшанская, В. Садықов, білім беру жүйесін цифрландыру, цифрлық технологиялар және олардың білім беру жүйесіне әсері, оқытуды ақпараттандыру, цифрландыру және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мәселелерін Т.Е. Пахомова, Н.Н. Кафидулина, Е. Бидайбеков қарастыргандығын дәлелдеген.</p> <p>Құзыреттілік ұғымының мәні педагогикалық категория түрғысынан ғалымдар Ш.Т. Таубаева, К.С. Құдайбергенева, Б.Т. Кенжебеков, С.С. Кунанбаева және</p>

		<p>Н.Н. Хан, М.А. Абсатова және т.б. еңбектерінде зерделенген.</p> <p>Цифрлық құзыреттілік ұғымының мәні Г.У. Солдатова, Е.И. Рассказова, С.В. Гайсина, Н. Цанков, Д. Дамянов, Н.П. Ячина, О.Г. Фернандез, Р. Gilster, С. Lankshear, М. Knobel, В.Н. Brečko және соавт., А. Ferrari, Calvani А. және соавт. және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Соның ішінде жасөспірмдердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін ғалымдар Г.У. Солдатова, Е.И. Рассказова зерттесе, студенттердің цифрлық құзыреттілігін дамыту Н.П. Ячина, О.Г. Фернандез, М.В. Ляшенко, Н. Цанков, И. Дамянов, С.В. Гайсина, Т. Shopova және т.б. зерттеушілер еңбектерінде жан-жақты қарастырылған.</p> <p>Қашықтықтан оқыту технологиясы, жаппай ашиқ онлайн курсары арқылы педагогтың кәсіби біліктілігін дамыту мәселелері Г.В. Можаева, О.М. Гущина, О.П. Михеева, М.А. Бабаева, И.П. Болодурина, Е.Г. Вьюшкина және т.б. зерттеушілер еңбектерінде зерделенген.</p> <p>Білім беруді ақпараттандыру жағдайында болашақ мұғалімдерді даярлаудың педагогикалық технологияларын жобалау мәселелерінің бір бөлігі ЖОО-ның ақпараттық білім беру ортасын модельдеу бойынша Б.С. Ахметов, А.М. Байғанов) және т.б. отандық ғалымдардың зерттеулерінде көрініс тапқан. Г.М. Есбосынов, Ж.А. Караев, Д.М. Джусубалиева, Е.С. Полат, А.М. Татеновтың зерттеулерінде қашықтықтан оқытуды үйімдастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, оны жүзеге асырудың дидактикалық және әдістемелік ерекшеліктері негізделген. Цифрлық оқыту жүйелерін қолданудың педагогикалық мүмкіндіктері С.К. Қалдыбаев, Е.В. Артықбаева, Г.К. Нұргалиеваның ғылыми еңбектерінде көрініс тапқан. Зерттеу әдістері алға қойған міндеттеріне сай дұрыс таңдалып алынған.</p>
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеудердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндеу	<p>Докторант зерттеу жұмысының міндеттерін жүзеге асыру үшін <i>теориялық</i> (философиялық, психологиялық, педагогикалық және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, саралтау әдісі, қорытындылау, салыстыру); <i>эмпирикалық</i> («Survey Monkey бағдарламасы негізіндегі «ЖАОК», «Студенттердің болашақ кәсіби қызметінде цифрлық технологияларды қолдану қарым-қатынастарын зерттеу», «Цифрлық құзыреттілік» авторлық</p>

		<p>және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>и亞;</u> 2) жок</p>	<p>сауалнамалар, педагогикалық бақылау, педагогикалық эксперимент); зерттеу нәтижелерін өндөудің математикалық статистикалық әдістері қолданылған.</p>
		<p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулер мен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>и亞;</u> 2) жок</p>	<p>Теориялық тұжырымдар, жаппай ашық онлайн курсарының болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың мүмкіндіктері, жаппай ашық онлайн курсары арқылы болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі, болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін жаппай ашық онлайн курсары арқылы қалыптастырудың диагностикасы, болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін жаппай ашық онлайн курсары арқылы қалыптастырудың әдістемесі, «Студенттердің болашақ кәсіби қызметінде цифрлық технологияларды қолдану қарым-қатынастарын зерттеу» авторлық сауалнамасы, «Болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігінің қалыптасқан деңгейлерін анықтау» авторлық құралы дайындалып нәтижелері тәжірибеге енгізуімен қамтамасыздандырылып, зерттеушілік қызметтегі анықталған байланыстар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденіп, зерттеу нәтижелері, педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденіп, қазіргі өзекті мәселелерін шешуге бағытталған, сонымен қатар педагогикалық кадрларды даярлау үшін практикалық және теориялық маңызы бар еңбек болып табылады.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер Е.Ы. Бидайбеков, В.В. Гриншкун, Г.Б. Камалова және т.б. «Білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері: окулығы», В.И. Блинов, М.В. Дулинов, Е.Ю. Есенина, И.С. Сергеевтің «Проект дидактической концепции цифрового профессионального образования и обучения» және т.б. отандық және шетелдік ғалымдардың нақты және сенімді ғылыми еңбектеріне сілтемелермен расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Барлығы 210 әдебиеттер пайдаланылған.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p>	<p>Зерттеудің келесідегідей теориялық маңыздылығы анықталған:</p> <ul style="list-style-type: none"> - теориялық-әдіснамалық талдаулар

		<p>1) <u>и亞</u>; 2) жок</p> <p>негізінде болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігі ұғымының мәні нақтыланды, құрамы айқындалып, мазмұның сипаттама берілген;</p> <ul style="list-style-type: none"> - жаппай ашық онлайн курсарының контенттік және процессуалдық мазмұны айқындалып, мәндік сипаттамасы жасалды. Оның болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудагы мүмкіндіктері анықталып, ЖАОК аталған қалыптастыру үдерісінің құралы түрғысынан негізделген; - болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін жаппай ашық онлайн курсары арқылы қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі жасалды және аталған қалыптасадың өлимелері мен көрсеткіштері, деңгейлері анықталған; - болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін жаппай ашық онлайн курсары арқылы қалыптастырудың әдістемесі жасалды және оның тиімділігі тәжірибелік-экспериментте тексерілген. <p>Зерттеу нәтижелерінің теориялық маңыздылығы болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру үшін алғаш рет жаппай ашық онлайн курсары технологиясын қолданудың ерекшеліктері туралығының білімнің кеңейтілуі болып табылады.</p>
	9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>и亞</u> ; 2) жок	<p>Зерттеудің практикалық маңыздылығы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Атап айтқанда, жаппай ашық онлайн курсарын құрастыру мен оқыту мәселесі қарастырылған алыс және жақын штедлдік зерттеулерге жасаған талдау нәтижесінде оның мәні мен мазмұны және құрылымы анықталған. Жаппай ашық онлайн курсы түсінігін «цифрлық, желілік технологиялардың жоғары мүмкіндіктеріне негізделген аса ауқымды аудиторияда мультимедиялық білім беру бағдарламасын дербес игеруге мүмкіндік беретін білім алушыларға арналған онлайн курсы» ретінде нақтылаған. Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орны студенттері және арнаулы педагогикалық оқу орындарында, мұғалімдердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институты мен жалпы орта білім беретін мектептердің, білім беру үдерісінде пайдалануға болады.</p>
	9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа	<p>Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.</p>

		(25–75% жана болып табылады); 3) жана емес (25% кем жаңа болып табылады)	
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Жұмыс мазмұнынан Елубай Еркинайдың академиялық жазуға төсөлгені байқалады.

Шешім:

Жоғарыда айтылғандардың негізінде докторант Елубай Еркинайдың 6D010300 - «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін дайындалған «Жаппай ашық онлайн курстары арқылы болашақ педагогтың цифрлық күзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмыстың орындалуы, теориялық және практикалық маңыздылығы, алынған ғылыми нәтижелері бойынша ресми талаптарды толығымен қанағаттандыратын, әрі өз бетінше жеке орындалған, аяқталған ғылыми еңбек болып табылғандықтан, философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

Ресми рецензент,
п.ғ.к., философия докторы (PhD),
Ілияс Жансұгіров атындағы
Жетісу университеті

Г.С. Майлыбаева

